

FAMILY GARDENS

BI GROUP

Астана

Business +



Бигвилль туралы	4
Gardens кластері	6
Жоба туралы	7
Ойластырылған орналасу	9
Сәулет және дизайн	13
Ситихаустар	18
Аула кеңістігі	19
Сіздің үйіңізде	26
Гранд лобби	38
Сіздің пәтеріңіз	45
BI Service	50
BIG App	52
BI Club	53



Ізгі құрметпен,
Есенжаров Рустанбек
Жоба жетекшісі
Family Gardens

ҚҰРМЕТТИ BI GROUP КЛИЕНТТЕРІ!

Әрбір үлкен істің өз мәні бар. Мен үшін бұл жай ғана жұмыс емес — бұл адамдар өмір сүргісі келетін, таң сайын қуанышпен оянатын және өз болашағын құратын кеңістіктерді қалыптастыру мүмкіндігі.

Бүгінде мен ерекше ықылас пен жауапкершілікпен Family Gardens жобасын басқарып отырмын — бұл ойластырылған сәулет, жайлылық, заманауи технологиялар және шынайы отбасылық құндылықтар тоғысқан мекен. Мұнда барлығы сіздің жайлылығыңыз, қауіпсіздігіңіз және тыныштығыңыз үшін жасалған.

Біз жай ғана үйлер салмаймыз. Біз атмосфера қалыптастырамыз — балалар алғашқы қадамдарын жасайтын, жақындар бас қосатын, жоспарлар мен армандар дүниеге келетін орта. Мұнда әрбір бөлшек маңызды.

Жобаның алғашқы күнінен бастап соңғы кезеңіне дейін біз оған жауапкершілік, ұқыптылық және сіздің таңдауыңызға деген құрметпен қараймыз. Себебі біз үшін тек тұрғын үй салу емес, сіздің нағыз үйіңізге айналатын орынды жасау маңызды.

**Family Gardens — бұл жай ғана мекенжай емес.
Бұл сіздің өміріңіздегі жаңа тараудың бастауы.**



БИГВИЛЛЬ ТУРАЛЫ



БИГВИЛЛЬ

туралы

Family бигвиллі
— басты құндылық — отбасы
айналасында құрылған бигвилль.



Бұл — бірге болу маңызды, қолдауды сезіну, қуанышпен бөлісу және өмірді өз ырғағыңмен, біртіндеп құруға болатын орын.

Мұнда үй — жай ғана пәтер емес. Бұл — балалар еркін күліп ойнайтын аула, жақындарың үшін алаңдамайтын тыныштық, еркін тыныстап, армандап, өсіп-өркендеуге мүмкіндік беретін кеңістік. Family бигвиллі әрбір бөлшегінде қамқорлық сезілетін ортаны қалыптастырады — ойластырылған инфрақұрылымнан бастап, тату көршілік атмосферасына дейін.

8 кластер

жүзеге
асырылуда

2030

толық аяқталу
мерзімі

215 Га

бигвилль
аумағы

2035 жылға дейін

игеру кезеңі

Комфорт Lite–Премимум

классы жилья

Family 8 кластерді біріктіреді — Nest, Center, Town, Gardens, Balance, Sport, Joy және Art. Олардың әрқайсысы өмірдің маңызды қырларын бейнелейді: жайлылық пен тұрақтылық, белсенділік пен тепе-теңдік, табиғат пен шығармашылық, күнделікті қуаныш пен отбасылық құндылықтардың маңызын.

Барлығы бірігіп, бүгін өмір сүруге ыңғайлы, ертең дамуға қолайлы және күн сайын үйге қуана оралатын тұтас өмірлік кеңістік тұжырымдамасын қалыптастырады.

Gardens

КЛАСТЕРІ

1,2-кезек

Gardens кластері — тыныш өмір ырғағы мен жайлылықты бағалайтындар үшін арналған бизнес+ санатындағы жайлы әрі жекеленген кеңістік.

Аз қабатты құрылыс оқшауланған тұрғын орта сезімін қалыптастырады, мұнда үй тығыз қалалық құрылымның бір бөлігі емес, жеке кеңістік ретінде қабылданады. Жабық аумақ кластердің жекелік сипатын айқындап, қауіпсіздік пен сенімділік атмосферасын қалыптастырады.

Gardens мәртебені, тыныштықты және жан-жақты ойластырылған сәулетті біріктіреді. Мұнда әрбір деталь, көршілестік және қоршаған ортамен үйлесім маңызды. Бұл — қарбалассыз өмір сүруге арналған, жеке кеңістік пен жоғары сапалы орта сезімін сыйлайтын мекен.



ЖОБА

тұралы

Family Gardens тұрғын үй кешені — заманауи еуропалық стиль мен жекеленген жайлылықтың үйлесімі.

Толықтай жабық аумақ тұрғындарға жеке кеңістік сыйлап, тыныш әрі қалыпты өмір сүруге жағдай жасайды.



2 очередь



Сәулеттегі «жылы минимализм» эстетикасы кешеннің талғампаздығын айқындайды, ал мұқият ойластырылған көгалдандыру кеңістікті табиғи үйлесіммен толықтырады.

Мұнда әрбір элемент тыныштық пен жан тыныштығын қамтамасыз ету үшін ойластырылған. Бұл жерде сіз шынайы демалып, өзіңізді үйдегідей жайлы сезіне аласыз.

* Материалдардың түстері күн сәулесінің түсу бағытына, көлеңкелерге, сондай-ақ басып шығару және түсті беру ерекшеліктеріне байланысты нақты көріністен аздап айырмашылық көрсетуі мүмкін.

[WhatsApp: BI Group](#)



Бизнес +

санатты

4-5

қабат

Қабатта 1-3

пәтер

60-229 м²

пәтерлердің ауданы

3,3-3,9 м

Төбе биіктігі:

2-ден 6 бөлмеге дейін

пәтерлердің жоспарлануы



ОЙЛАСТЫРЫЛҒАН
ЛОКАЦИЯ

Family Gardens тыныш әрі жайлы ауданда, Республикалық мешіт пен Астананың жасыл белдеуінің жанында орналасқан.

Мұнда оқшаулану мен қолайлылық үйлесім тапқан: дамыған инфрақұрылым, премиум деңгейдегі орта және қала орталығына жылдам қолжетімділік.

Бұл — жайлылықты, эстетиканы және табиғатқа жақын өмірді бағалайтындар үшін арналған кеңістік.

ОЙЛАСТЫРЫЛҒАН *локация*



Республикалық мешіт

Астананың жасыл белдеуі

[WhatsApp: BI Group](#)

GARDENS



EXPO

🚗 12 мин



MEGA Silk
Way COCO

🚗 12 мин



Бас
республикалық
мешіт

🚗 10 мин



Назарбаев
Зияткерлік
мектебі

🚗 11 мин




Назарбаев
университеті

🚗 14 мин



№88
мектеп-лицей

🚗 3 мин



An aerial photograph of a paved road with white lane markings. Four cyclists are riding along the road, their shadows cast onto the pavement. The road is flanked by dense green trees with some yellowing foliage, suggesting an autumn setting. The background shows a continuation of the road and more trees.

ТАЗА АУА

Таза ауа — өмір сүру орнын таңдаудағы негізгі факторлардың біріне айналуда. Кешеннің Астананың жасыл белдеуіне жақын орналасуы ерекше экологиялық ортаны қалыптастырады, мұнда қала тынығырақ сезіледі, ал ауа айтарлықтай таза.

Кешенді қоршаған жасыл алқаптар табиғи ландшафт пен визуалды жайлылық қалыптастырып қана қоймай, ауаның сапасын жақсартуға ықпал етеді және қолайлы микроклимат түзеді. Мұнда табиғат күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналады.

Астананың жасыл белдеуінің жанында өмір сүру — бұл күн сайын еркін тыныс алып, кеңістіктің рахатын сезініп, қаладан шықпай-ақ қоршаған ортамен үйлесімділікті сезіну мүмкіндігі.

ЖОБАНЫҢ ӘУЛЕТШІСІ



Дәстүрден туған шабыт.

GARDENS

Бізге жиі мынадай сұрақ қояды: Family Gardens жобасын жасау барысында бізді қандай нысан шабыттандырды?

Жауабымыз қарапайым — қазақ халқының бай мәдениеті. Жобаның негізінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын отбасылық құндылықтар мен қазаққа тән қонақжайлылық жатыр.

Family Gardens сәулеті — дәстүрдің заманауи интерпретациясы: мәнерлі қасбеттер тарихи мұраның тереңдігін бейнелей отырып, оны қазіргі Қазақстанның қарқынды дамуы мен прогрессивті көзқарастарымен үйлесімді ұштастырады.

Family Gardens — дәстүрлер жаңа сипатқа ие болатын кеңістік.

Катерина Ковалева
LEVEL80 | architects

[WhatsApp: BI Group](#)



2 кезек

АВТОРЛЫҚ ЭКСКЛЮЗИВТІ СӘУЛЕТ

Family Gardens сәулеті заманауи минимализм мен талғампаз премиалдылықтың үйлесімін бейнелейді. Біқшамды пішіндер, дәл есептелген пропорциялар және асыл түсті палитра кешеннің сәнді әрі бірегей келбетін қалыптастырады.

Қасбеттер табиғи тас пен алюминий композиттік панельдерден орындалған, бұл сәулеттің мәртебесі мен ұзақ мерзімділігін айқындайды. Панорамалық терезелер кеңістікті табиғи жарықпен толтырып, жасыл аулаларға көрініс ашады, сол арқылы жайлылық пен жекелік сезімін күшейтеді.

[WhatsApp: BI Group](#)

Қаңқа — монолитті темірбетон

Қабырғалар — пәтераралық
кірпіш қабырғалар

Қасбет — алюминий
композиттік панельдер

Паркінге — табиғи гранит
Кіру топтарында — табиғи гранит





*Материалдардың түстері күн сәулесінің түсу бағытына, келеңкелерге, сондай-ақ басып шығару және түсті бояу ерекшеліктеріне байланысты нақты көріністен аздап айырмашылық көрсетуі мүмкін.

[WhatsApp: BI Group](#)



* Материалдардың түстері күн сәулесінің түсу бағытына, көлеңкелерге, сондай-ақ басып шығару және түсті беру өрнекшеліктеріне байланысты нақты көріністен айдап айырмашылық көрсетуі мүмкін.



СИТИХАУСТАР

Ситихаус — бұл қала сыртындағы үйдің жайлылығы мен мегаполистің қарқынды өмір ырғағы үйлесіп, жайлылық пен еркіндіктің мінсіз теңгерімін қалыптастыратын кеңістік. Екі кіреберіс тұжырымдамасы ерекше мүмкіндіктер ұсынады: жеке кеңістік үшін көшеден оқшау кіреберіс немесе көршілестік атмосферасы мен ортақ аймақтардың қолайлылығы үшін лобби арқылы салтанатты кіреберіс.

Жеке терраса ерекше ләззат сыйлайды — ол ашық аспан астындағы сіздің жеке кеңістігіңіздің жалғасына айналады. Таңғы күн сәулесі жаңа күнге шабыт берсе, кешкі уақыт кітаппен немесе жұлдыздардың астында бір бокал шараппен тынығуға мүмкіндік береді.



төбе биіктігі:
3,9 м



жеке терраса



қос кіреберіс
тобы



ӘРКІМГЕ АРНАЛҒАН УЛА КЕҢІСТІГІ

Family Gardens кешенінде аула кеңістігі белсенді де, тыныш демалысқа да лайық етіп мұқият жоспарланған. Спорт алаңдары тұрғын аймақтардан алшақ орналастырылып, барлық тұрғындар үшін жайлылық пен тыныштық қамтамасыз етіледі.

Көлеңкелі аллеялар мен кездесуге арналған талғампаз кеңістіктер демалуға және жайлы, жекеленген атмосферада қарым-қатынас жасауға қолайлы жағдай жасайды. Ландшафттық дизайн таза ауада уақыт өткізуді жағымды ететін үйлесімді ортаны қалыптастырады.

Аула кеңістігі әртүрлі сценарийлерге бейімделген: серуендеу, демалу, кездесу және спортпен айналысу. Бұл күнделікті өмір үшін жайлы әрі теңгерімді орта қалыптастырады.

әркімге арналған аула кеңістігі



Балалар
алаңы



Теннис
алаңы



Футбол
алаңы



Беседка



Жаяу жүргіншілер
көпірі



BBQ
аймағы



Субұрқақ



Жаттығу
аймағы



[WhatsApp: BI Group](#)



WhatsApp: BI Group

ВВQ аймағы



An aerial view of a modern, landscaped park. The park features a central paved area with a wooden play structure and a large, light-colored canopy. To the left, there is a building with a dark roof and a covered outdoor seating area. The park is surrounded by lush greenery, including trees and bushes, and is connected by a network of paved paths. Several people are visible walking and playing in the park.

Күннен қорғайтын шатырлар

Экологиялық балалар алаңдары

ҚАУІПСІЗДІК

Family Gardens кешенінде қауіпсіздік — жайлы өмірдің ажырамас бөлігі ретінде жан-жақты ойластырылған. Кешен аумағы тәулік бойы бейнебақылау мен күзет қызметінің бақылауында, бұл тұрғындарға тұрақты қауіпсіздік пен тыныштықты қамтамасыз етеді.

Аумаққа кіру және шығу күзет қызметкерлерінің бақылауында. Тұрғындар сыртқы бейнебақылау камераларына қол жеткізе алады, бұл кез келген уақытта үй маңындағы кеңістіктің қауіпсіздігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Аула аумағы көліктерден толық босатылған, бұл серуендеуге, демалуға және спортпен айналысуға қауіпсіз орта қалыптастырады. Қосымша жайлылықты сервис мәселелері мен қолжетімділікті бақылауды үйлестіретін жеке сервис-менеджер және консьерж қызметі қамтамасыз етеді.

2 кезек





КӨҒАЛДАНДЫРУ

Кешенде көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінген — мұнда демалыс пен табиғатпен үйлесімділікке арналған мұқият ойластырылған кеңістік қалыптастырылған. Ландшафттық тұжырымдаманы әзірлеуге әлемдік үздік тәжірибені қолданған еуропалық ландшафт дизайнерлері тартылған.

Ауланың әрбір бөлігі жасыл желекке толы: ұқыпты газондар, сәндік өсімдіктер және мұқият іріктелген ағаш түрлері жайлылық пен тыныштық атмосферасын қалыптастырады. Еуропалық ландшафттық тәсіл аумақты тек көркейтіп қана қоймай, оны функционалды әрі экологиялық етеді.

Тұрғындар өз терезелерінің жанында-ақ таза ауа мен табиғат сұлулығын тамашалап, күн сайын табиғатқа жақындық пен жайлылықты сезіне алады.

СІЗДІҢ
ҮЙІҢІЗДЕ



I кезек

КЕШЕН ЖОСПАРЫ

Кешен тұжырымдамасы тұрғындардың жайлылығы мен тыныштығын қамтамасыз етуге бағытталған. Ішкі кеңістікте демалыс пен бос уақытқа арналған аймақтар қарастырылған: Fitness Room, Kids Room және Cinema Room — үйден шықпай-ақ уақытты пайдалы өткізуге арналған орындар.

Спорт алаңдары тұрғын аймақтардан тыс орналасып, аулалардағы тыныштық пен жекелікті сақтауға мүмкіндік береді. Балаларға арналған ойын аймақтары жас ерекшеліктеріне қарай бөлініп, әр кезеңде қауіпсіздік пен қолайлылықты қамтамасыз етеді.

Белсенді демалыс аймақтары көршілестік пен күнделікті қозғалыс бағыттарын ескере отырып жобаланған, бұл қозғалыс пен тыныштық үйлесім тапқан теңгерімді орта қалыптастырады.



Спорт
алаңы



Grand Lobby
бас кіреберісі



Playhub



Фитнес бөлмесі
Балалар бөлмесі
Кино бөлмесі



3 жасқа дейінгі
балалар алаңы



Қонақтарға
арналған автотұрақ



3-тен 12 жасқа
дейінгі балалар
алаңы

КЕШЕН ЖОСПАРЫ

1 кезек



- 1 Субұрқақ
- 2 Перголалары бар демалыс аймағы
- 3 Тыныш демалыс аймағы
- 4 Лобби жанындағы демалыс аймағы
- 5 0–3 жасқа арналған ойын алаңы
- 6 3–12 жасқа арналған ойын алаңы
- 7 Күзет бөлмесі
- 8 Отыру орындары бар баспалдақ
- 9 Теннис корты
- 10 Шағын футбол алаңы
- 11 Workout аймағы
- 12 Көп функционалды кешен (фитнес, балалар, қонақ, жасөспірімдер бөлмелері)
- 13 BBQ аймағы
- 14 Гамактары бар демалыс аймағы
- 15 ТҚҚ алаңы (тұрмыстық қатты қалдықтар)

GARDENS

Үйіңіздері Fitness Room — тұрақты жаттығулар мен өзіңізге күтім жасауға арналған ыңғайлы кеңістік. Мұнда уақыт жоғалтпай, спортты күнделікті өмір ырғағына оңай енгізуге болады.

Кең әрі заманауи жабдықталған залда күштік және кардио жаттығуларға арналған тренажёрлар, сондай-ақ функционалдық жаттығулар аймағы бар. Жайлы атмосфера жаттығуға толық көңіл бөлуге, физикалық қалыпты жақсартуға және төзімділікті арттыруға көмектеседі.

FITNESS *room*



Fitness Room – салауатты өмір салтының бір бөлігіне айналып, өзіңізге деген қамқорлық дәл өз үйіңізден басталып, тұрақты өдетке айналады.

*Доступно всем жителям комплекса, независимо от очереди.

[WhatsApp: BI Group](#)





1 кезек

YOGA *room*

Yoga Room — энергияны қалпына келтіріп, денені нығайтып, саналы қозғалыс пен тыныс арқылы денсаулықты сақтауға арналған орын.

Йога тек физикалық емес, ішкі тепе-теңдікті де сақтауға көмектеседі.

*Кезегіне қарамастан, кешеннің барлық тұрғындарына қолжетімді..

[WhatsApp: BI Group](#)

CINEMA *room*

Cinema Room — нағыз кино сүйер қауымға арналған тамаша кеңістік. Енді көптелістер мен толы залдарды ұмытыңыз: лифтімен түссеңіз болды — сіз жайлы кинотеатрдасыз.

Мұнда әрбір көрсетілім ерекше әсер сыйлайды: көлемді дыбыс, жоғары сапалы аудио-визуалды әсер және отбасыңызбен немесе достарыңызбен бірге өткізілетін ұмытылмас кештер.

Cinema Room — күнделікті өміріңіздің бір бөлігіне айналады: демалып, сүйікті оқиғаларға еніп, жақындарыңызбен жарқын эмоциялармен бөлісетін, үйден шықпай-ақ рахат сыйлайтын кеңістік.

WhatsApp: [BI Group](#)

*Кезегіне қарамастан, кешеннің барлық тұрғындарына қолжетімді.



2 кезек

ГОСТЕВАЯ

Бөлмесі

*Кезегіне қарамастан, кешеннің барлық тұрғындарына қолжетімді.

[WhatsApp: BI Group](#)



*Көрсетілген сурет шартты сипатта берілген

[WhatsApp: BI Group](#)

ЖАСӨСПІРІМДЕР БӨЛМЕСІ



*Кезегіне қарамастан, кешеннің барлық тұрғындарына қолжетімді.

[WhatsApp: BI Group](#)

БАЛАЛАР БӨЛМЕСІ

Family Gardens кешеніндегі ойын бөлмесі — балалардың қуанышы, қарым-қатынасы мен дамуына арналған жайлы әрі қауіпсіз кеңістік. Мұнда әрбір бөлшек баланың өзін еркін, сенімді сезінуі және уақытын қызықты өткізуі үшін мұқият ойластырылған.

Ойын бөлмесінде балалар қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамытып, кітап оқып, суреттерді тамашалап, әуе хоккейін ойнап, достарымен бірге өз ойындарын ойлап таба алады. Бұл — тірі эмоцияларға, күлкіге және жаңа әсерлерге толы, кез келген уақытта оңай қолжетімді орын.

Ойын бөлмесі күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналады — балалық шақ жарқын, қызықты және үйге жақын жайлы атмосферада өтетін кеңістік.



2 кезек



1 кезек

*Кезегіне қарамастан, кешеннің барлық тұрғындарына қолжетімді.

[WhatsApp: BI Group](#)





ХОЛЛАРДЫҢ АВТОРЛЫҚ ИНТЕРЬЕРІ



GRAND LOBBY

Grand Lobby алғашқы қадамнан-ақ жайлылық пен мәртебе атмосферасымен қарсы алады. Жұмсақ шашыраңқы жарық, талғампаз люстралар мен интерьердің әсем бөлшектері тыныштық пен жайлылық сезімін қалыптастырады.

Мұқият ойластырылған күту аймағы жайлы демалуға мүмкіндік береді: мұнда жүргізушіні күтуге, іскерлік кездесу өткізуге немесе күннің қарбаласынан сәл үзіліс жасауға болады.

Кеңістік әрбір сәтті барынша жайлы әрі жағымды ету үшін жасалған.

*Grand Lobby тұрғын үй кешенінің
1 және 2-кезегінде ұсынылған.

[WhatsApp: BI Group](#)



Табиғи тас

Тот баспайтын болат

Опук табиғи тасы

ХОЛЛДАРДЫҢ АВТОРЛЫҚ ДИЗАЙНЫ

Холлдар табиғи материалдар мен сәнді декоративтік элементтер қолданылған авторлық дизайнда орындалған. Асыл текстуралар, жылы реңктер және мұқият ойластырылған жарықтандыру алғашқы қадамнан-ақ талғампаз жайлылық пен тыныштық атмосферасын қалыптастырады.

Бұл — аялдап, тыныс алып, күннің жайлы ырғағына бейімделуге арналған кеңістік. Холлдар тұрғындар мен қонақтарды қарсы алып қана қоймай, үйдің мәртебесін айқындап, интерьердің әрбір бөлшегінде премиум сапа мен ұқыптылықты көрсетеді.



I қабат





*Бір жобаның әр кезегіндегі жобалық шешімдер бір-бірінен өзгеше болуы мүмкін, көрсетілген сурет шартты сипатта берілген.

ЖЕКЕ КОНСЬЕРЖ-СЕРВИС

Тұрғындардың жайлылығы мінсіз сервистен басталады. Кәсіби консьерж қызметі күнделікті және жеке мәселелерді шешуге әрдайым дайын, қамқорлық пен тыныштық сезімін қамтамасыз етеді.

Аумаққа қолжетімділікті бақылау, қауіпсіздік, хат-хабарларды қабылдау және сервистік қызметтерді үйлестіру — барлық процестер тұрғындардың жайлылығын басты басымдық ретінде қарастыратын команданың бақылауында.

Мұнда әрбір бөлшек сіздің үйге кірген алғашқы сәттен бастап сенімділік, жекелік және жоғары өмір сапасын сезінуіңіз үшін ойластырылған.

GARDEN

СІЗДІН
ПӘТЕРІҢІЗ





СІЗДІҢ ПӘТЕРІҢІЗ

Төбе биіктігі: 3,3–3,9 м

Терезе биіктігі: 2,7–3,6 м

Wallee «ақылды үй» жүйесі

Еркін жоспарлау

Электронды құлыптар

Балаларды терезеден құлап кетуден қорғау

Жылыту жүйесінің көденең таралуы

IP-домофония

Алғашқы қабаттарда антивандалдық терезелер

Сіздің арманыңыздағы пәтер қандай?

Бұл — әрбір шаршы метрі мұқият ойластырылған кеңістік. Биік төбелі бөлмелер панорамалық терезелер арқылы табиғи жарыққа толы, ал заманауи технологиялар өмірді барынша жайлы әрі ыңғайлы етеді.

Дәл осындай пәтерлерді біз Family Gardens жобасында жасадық. Себебі біз түсінеміз: арман пәтері — бұл жай ғана баспана емес, сіздің мінезіңізді, құндылықтарыңызды және өмір салтыңызды бейнелейтін кеңістік.

[WhatsApp: BI Group](#)



ЭЛЕКТРЛІ АВТОКӨЛІККЕ АРНАЛҒАН ҚУАТТАУ СТАНЦИЯСЫ

Тұрғын үй кешенінің аумағында автокөлігіңізді кез келген ыңғайлы уақытта тез әрі қолайлы түрде қуаттаңыз. Заманауи қуаттау инфрақұрылымы жайлы қалалық өмірдің ажырамас бөлігіне айналууда.

Артықшылықтары:

- Үйдің маңында қуаттау мүмкіндігі
- Заманауи технологиялар
- Қауіпсіз пайдалану
- Ыңғайлы қосылу
- Уақытты үнемдеу
- Күнделікті жайлылық
- Заманауи өмір салтына сай инфрақұрылым
- Болашаққа және экологиялық таза көлікке қамқорлық.



ПАРКИНГ

Сіздің автокөлігіңіз заманауи қауіпсіздік және желдету жүйелерімен жабдықталған қауіпсіз паркінгте сақталады.

Қақпалар автоматты түрде ашылып, ыңғайлы әрі жылдам кіруді қамтамасыз етеді.

Қақпалардың автоматты ашылуы

Ыңғайлы навигация

Автоматты желдету жүйесі

Қосымша қонақтарға арналған орындар

[WhatsApp: BI Group](#)

Box ROOM

Family Gardens тұрғын үй кешенінде функционалдылық әрбір бөлшекке дейін ойластырылған. Box room — заттарды ыңғайлы сақтауға арналған тамаша шешім. Кең қоймалар заттарды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, тұрғын кеңістікті артық заттардан бос ұстайды.

Мұнда маусымдық заттарды, спорттық жабдықтарды немесе ерекше күтімді қажет ететін коллекциялық бұйымдарды сақтауға болады.



БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҮЙ-ЖАЙЛАР

Коммерциялық үй-жайлар кешеннің бірінші қабаттарында орналасқан және дербес функционалға ие.

Жоспарлау шешімдері жоғары төбелер мен еркін конфигурацияны қарастырады, бұл кеңістікті әртүрлі коммерциялық қызмет түрлеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Витражды әйнектеу жақсы инсоляция мен визуалды ашықтықты қамтамасыз етеді, ал ыңғайлы кіреберіс топтар мен паркинг аймақтары келушілер үшін қолжетімділікті арттырады. Үй-жайлар коммерциялық кеңістікті пайдалану мен ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарын ескере отырып жобаланған.



Төбе биіктігі:
3,3-3,9 м



Еркін
жоспарлау



Витражды
әйнектеу



BI SERVICE

Басқарушы компания

Бақыт министрлігі

Даму, жасампаздық пен бірігу, өмір сапасын арттыру және қолайлы орта қалыптастыру үшін



Пайдалану қызметтерінің тарифтері*:
Тұрғын үй-жайлар – м²-іне 900 теңгеден басталады, офистер – м²-іне 1790 теңгеден басталады, тұрақ орны – 15 000 теңгеден басталады.

*Тариф ортақ қолданыстағы аймақтардың жабдықталуына, үй мен жабдықтың сипаттамаларына байланысты қалыптасады.



БАҚЫТ МИНИСТРЛІГІ

BIG LIFE

500+

Аулалардағы

BI GREEN

Тек 2025 жылдың
өзінде біз

33 000+

Кешет отырғыздық



BI MARATHON

4 000+

Қатысушылар



BI FEST

АСТАНА • АЛМАТЫ • ШЫМКЕНТ

5 000+

ҚАТЫСУШЫ



BIG APP

Мобильді қосымша

BIG App – BI Group клиенттеріне арналған онлайн қызметтер экожүйесі.

Көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесінің арқасында біз деректеріңіздің сақталуына кепілдік береміз.



- Сатылымдардың басталуы туралы хабарландыру
- BI Group жеңілдіктері мен акциялары



- Құжаттар мен төлемдер
- Құрылыс барысы (live құрылысы)



- Сервистік өтінімдерді беру және олардың орындалуын бақылау
- Үй шығындарын қадағалау



- Жылжымайтын мүлікті таңдау
- Пәтерлерді онлайн сатып алу




- Ашық есіктер күніне және кілттерді табыстауға жазылу
- Үй-жайды қабылдаудың электронды актісі



- BI Club – жылжымайтын мүлікке жеңілдіктер және серіктестерден cashback
- BIG App-тағы онлайн сервистер

[WhatsApp: BI Group](#)



BI Club

Адалдық бағдарламасы

BI Group-тың барлық клиенттері кейіннен жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдік алады, сонымен қатар, BIcoin-дарды (бонустарды) жинақтап, оларды серіктестеріміздің жүлделеріне/супер жүлделеріне айырбастау мүмкіндігіне ие болады!

Қазіргі уақытта картаның 8 түрі бар:

Жылжымайтын мүлік түрі:		Пәтерлер	Офистер
BI BRONZE	1 сатып алу	4%	5%
BI BRONZE+	2 сатып алу	5%	6%
BI SILVER	3 сатып алу	6%	7%
BI SILVER+	4 сатып алу	7%	8%
BI GOLD	5 сатып алу	8%	9%
BI GOLD+	6 сатып алу	9%	10%
BI PLATINUM	7+ сатып алу	10%	11%
BI DIAMOND		12%	13%



Астана	Сығанақ 62/3 (бұрынғ.18/3) Viva Plaza БО Т. Рыскулов көш. 9 Nexpro Trend
Алматы	Тимирязев көш. 28в «Гранд Алатау» БО Момышұлы көш. 10/2 Бигвилль «Arena park» Ташкент тас жолы, 541/2а Jibek Joly бигвиллі Құлжа тас жолы, 80/4 Dream City бигвиллі
Шымкент	Назарбаев даңғылы 55, Желтоқсан көш.28
Қарағанды	Бұхар Жырау даңғылы 51/4, 51 Бизнес Орталығы
Атырау	Тайманов даңғылы 42А, Altyn Zaman ТҮК Қаныш Сатпаев даңғылы 43а, «Infinity Mall» СОО
Ақтөбе	Әбілқайыр хан даңғылы, 58



БАҚЫТПЕН ӨМІР СҮРІҢІЗ

Жоба туралы ақпарат/жарнама көрсетілген өнімге сұранысты анықтау мақсатында жарияланады және жеке және заңды тұлғалардың ақшалай қаражатын тартуға арналмаған. Осы жарнама Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес жария оферта болып табылмайды.

Табиғатқа ұқыпты қарау — біздің басты қағидаларымыздың бірі. Сондықтан біз баспа өнімдерінің көлемін шектейміз.